

С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ  
ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА  
УНИВЕРСИТЕТІ



КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ  
МЕДИЦИНСКИЙ  
УНИВЕРСИТЕТ  
ИМЕНИ С.Д. АСФЕНДИЯРОВА

# Құрамында ащы заттар бар ДӨШ.

Орындаған: Турганбаева С.  
Факультет: фармация  
Курс: 5

# Жоспары

**1.ЖІКТЕЛУІ**

**2.ФИЗИКА-ХИМИЯЛЫҚ ҚАСИЕТТЕРІ**

**3.САПАЛЫҚ РЕАКЦИЯЛАРЫ**

**4.САНДЫҚ АНЫҚТАУ ӘДІСТЕРІ**

# АЩЫЛАР

**АЩЫ ЗАТТАР** — химиялық құрылымы әртүрлі, дәмі өте ашты, тәбет ашатын, ас қорыту жүйесінің жұмысын жақсартатын, табиғи органикалық қосылыстар.

# ЖІКТЕЛУІ:

- ДӨШ құрамындағы ащы заттардың химиялық құрылысы бойынша
- ДӨШ химиялық құрамы бойынша Химиялық құрылысы жағынан ащылар терпендерге жатады:
- Монотерпендер - иридоидтар
- Сесквитерпендер – гваян, акоран, эвдесман, гермакран
- Дитерпендер – квассин
- Тритерпендер - тараксастерол

## **ДӨШ химиялық құрамы бойынша:**

Нағыз ащылар – құрамында тек ащы заттары бар ДӨШ логанин, сверозид, метиафолин - субеде жапырағында;

Генциопикрин, centaурин, сверозид - толғақшөп шөбінде

Тараксацин, тараксастерин - бақ бақ тамырында

Ароматикалық ащылар - эфир майларымен бірге жүретін ащылар, көбінде сесквитерпендер қатарына жататындар:

Абсинтин, анабсинтин, артабсин - жусан шөбінде

Ахиллин - мыңжапырақ шөбі мен гүлінде

Акорон - иір тамырсабағында


Шырыштармен бірге жүретін ащылар:

Аукубин – жолжелкен, өгейшөп жапырағында

# ФИЗИКА-ХИМИЯЛЫҚ ҚАСИЕТТЕРІ

- Иридоидтар түссіз, кристалды немесе , аморфты заттар
- Суда, төмен концентрациядағы спиртке оңай ериді. Органикалық еріткіштерде ерімейді.
- Дәмі өте ашты
- Қышқылды ортада ферменттердің әсерінен және ауадағы оттегінің әсерінен тез тотығады және полимеризацияға ұшырайды, нәтижесінде қара түсті пигменттер пайда болады.
- Осы қасиетін ДӨШ кептіргенде ескеру қажет, дұрыс кеппеген шикізатта қара дақтар пайда болып кейін сол жерлері бұзылып, шіріп кетеді.

# Микроскопия



Толғақшөп жапырағының  
микрорефераты:

1. Үстіңгі бөлігі эпидермисі
2. Астыңғы бөлігінің эпидермисі
- А. Мезофил
- Б. Са оксалаты кристалдары
- В. Друздар
- С. Сосудты жүйе
3. Үстіңгі репарат түбіндегі түрі
4. Көлденең кесіндісі



## САПАЛЫҚ РЕАКЦИЯЛАРЫ

Трим -Хилл реакциясы: иридоидтар +  $\text{CuSO}_4$  сулы ерітіндісімен қышқылды ортада (сірке қышқылы және тұз қышқылы) көк түс береді.

Шталь реакциясы : иридоидтар + п. диметиламинобензальдегид спиртті ерітіндісімен көк - жасыл түс береді .



## САНДЫҚ АНЫҚТАУ ӘДІСТЕРІ

- Ащы заттарды сандық түрде анықтайтын әдістер жоқ, ДӨШ сапасын экстрактивті заттар бойынша немесе ащылармен бірге жүретін ілеспелі заттары бойынша анықтайды (эфир майлары, флаваноидтар, ксантондар т.б.)
- ДӨШ сапасын Европа, Украина, Беларуссия фармакопеялары дәмінің аштылық дәрежесі бойынша анықтайды, бұл әдісті “аштылық индексі” деп атайды.
- Аштылық индексі деп – ДӨШтен алынған сулы қайнатпаның ашты дәмі сақталған ең төменгі концентрациясын айтады.

- Иридоидтар; жасуша сөлінде еріген күйінде , ал сесквитерпендер эфир майларымен бірге болады, эфир майлы бездерде, каналдарда, қоймаларда, дақтарда жиналады. Көп мөлшерде және жиі жер үсті бөліктерінде жиналады: (жапырағында, шөбінде, гүлдерінде), аз мөлшерде және сирек жер асты бөліктерінде: (тамырлар мен тамырсабақтарда).
- ! Құрамында ащы заттары бар ДӨ көбінде орманды, ылғалды жерлерде, шалғындарда, өзен жағалауларында өседі.
- Үш жапырақты субеде мен батпақты иір – сулы батпақты жерлердің өсімдіктеріне жатады.

# БАҚ - БАҚ ТАМЫРЫ - TARAXACUM OFFICINALE WED. СЕМ. АСТРОВЫЕ – ASTERACEAE - АСТРАЛАР



Химиялық құрамы:

- сүт шырынында ащы заттары тараксацин, тараксацерин гликозид күйінде болады.
- Инулин - 40%
- терпенді қосылыстар ситостерин, стигмастерин
- флаваноидтар

Фармакологиялық әсері: тәбет ашатын, асқазан сөлін және өт айдайтын жинақтар құрамына кіреді, тамырынан қою экстракт алады.

# Емдік қасиеті

КӘДІМГІ БАҚБАҚ – КӨКТЕМНІҢ ТҰҢҒЫШЫ, ХАЛЫҚ ОНЫ АТАМ ЗАМАННАН ҚАДІРТҰТЫП, СҮЙІСПЕНШІ- ЛІКПЕН «ЖЕР

КҮНІ»,«ДЕНСАУЛЫҚ ЭЛИКСИРІ» ДЕП АТАҒАН. БАҚБАҚТЫҢ ЕМДІК ҚАСИЕТІН ЕЖЕЛГІ ГРЕ- ЦИЯДА ЕРТЕ БІЛГЕН ЖӘНЕ

ОНЫ АРАБ МЕДИЦИНАСЫ КЕҢІНЕН ҚОЛДАНҒАН.КӨПТЕГЕН ЕЛДЕРДЕ ( ШВЕЙЦАРИЯДА, ЧЕХИЯДА, СЛОВАКИЯДА )

БАҚБАҚ ТАҒАМДЫҚ ӨСІМДІК РЕТІНДЕ ӨТЕ БАҒАЛЫ, АЛ ФРАНЦИЯДА ЕГІП ӨСІРЕДІ. ОНЫҢ ӘЛІ ӨРКЕНДЕП ЖЕТПЕГЕН,

ФРАНЦУЗДАР « ПИСАНЛИ » ( PISSENTLI ) ДЕП АТАЙТЫН, ЖАС ЖАПЫРАҚТАРЫ ЕРТЕ КӨКТЕМДЕ ВИТАМИНДІ САЛАТ ҮШІН

ПАЙДАЛАНАДЫ. ТҰҚЫМДАСТЫҢ ЛАТЫН- ША « TARAXIS » — КӨЗ АУРУЫ АТЫНАН АЛЫНҒАН, ӨЙТКЕНІ ОРТА ҒАСЫРДА

ДӘРІГЕРЛЕР СОЛ АУРУДЫ ОСЫ ӨСІМДІКПЕН ЕМДЕП ЖАЗҒАН КӨРІНЕДІ. « TARASSEIN » — ТЫНЫШТАНДЫРУ ДЕГЕН

СӨЗДІҢ БАСҚА ДА ТУЫНДЫЛАРЫ БОЛУЫ МҮМКІН. БАҚБАҚТЫҢ ЖАПЫРАҚТАРЫНДА КАРОТИНОИДТЫҚ ЗАТТАР. С ЖӘНЕ

В2 ВИТАМИНДЕРІ БАР